

Нұра ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 38/01 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 қарашада № 25306 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Нұра ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Нұра ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Нұра ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін Нұра ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұра ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Нұра ауданының әкімі

А. Шалмаганбетов

Нұра ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 19 қарашадағы
№ 38/01
Әкімдігінің
қаулысына қосымша

Нұра ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің атауы	Елді мекеннің атауы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	2	3	4
1	Нұра	Нұра кенті	1,85

2	Соналы	Соналы ауылы	1,25
3	Талдысай	Талдысай ауылы	1,3
4	Дон	Құланөтпес ауылы	1,35
5	Қарақойын	Жанбөбек ауылы	1,35
6	Қызылтал	Кертінді ауылы	1,55
		Алғабас ауылы	1,55
7	Баршын	Баршын ауылы	1,35
		Қарақасқа ауылы	0,85
8	Байтуған	Байтуған ауылы	1,75
		Жанақұрылыс ауылы	1,35
9	Индустриальный	Тассуат ауылы	1,65
10	Ахмет	Ахмет ауылы	1,75
11	Егінді	Егінді ауылы	1,55
12	Қорғанжар	Кәрім Мыңбаев ауылы	1,55
13	Жараспай	Жараспай ауылы	1,65
14	Тассуат	Қайнар ауылы	1,65
15	Көбетей	Көбетей ауылы	1,75
		Өндіріс ауылы	1,3
		Первое мая ауылы	1,25
16	Шұбаркөл	Шұбаркөл кенті	1,35
17	Мұзбел	Мұзбел ауылы	1,65
18	Құланөтпес	Құланөтпес ауылы	1,2
		Ақтүбек ауылы	0,85
		Нығыман ауылы	1,05
19	Заречный	Заречное ауылы	1,75
20	Ақмешіт	Ақмешіт ауылы	1,55
		Қантай ауылы	1,05
21	Кеңжарық	Изенді ауылы	1,65
		Топаркөл ауылы	1,05
		Кеңжарық ауылы	1,05
22	Сарыөзен	Тікенекті ауылы	1,25
23	Шахтер	Шахтерское ауылы	1,75
24	Балықтыкөл	Балықтыкөл ауылы	1,25
25	Қарой	Қарой ауылы	1,85